## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 қарашадағы N 1115 қаулысы

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңына , "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қыркүйектегі N 1408 қаулысына сәйкес әрі материалдық және моральдық зиянды өтеу туралы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шығарылған сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2003 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің сот шешімдері бойынша міндеттемелерін өтеуге көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 756 920 (жеті жүз елу алты мың тоғыз жүз жиырма) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 7 қарашадағы
N 1115 қаулысына
қосымша

## Азаматтық істер бойынша орындалуға тиіс сот шешімдерінің тізбесі

| Р/с N | Сот органының атауы мен шешімнің шыққан күні | Талапкердің Т.А.Ә. | Мемлекеттік бажды шегергендегі сома (теңге) | Мемлекеттік баж (теңге) |
|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Өскемен қалалық сотының 2002 ж. 18.06. шешімі | Байдельдинов Н.А. | 100 000 | 233 |
| 2 | Солтүстік Қазақстан облыстық сотының 2003 ж. 21.05. қаулысы | Янкина В.М. Янкин А.Л. | 399 270 | - |
| 3 | Петропавл қалалық сотының 2002 ж. 23.04. шешімі | Қойшин М.М. | 250 000 | - |
| 4 | Жоғарғы Соттың 2003 ж. 08.05. шешімі | "Экоодақ" экологиялық кәсіпкерлер, табиғат пайдаланушылар мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық бірлестіктер қауымдастығы | 7 417 | - |
| Жиыны | | | 756 687 | 233 |
| Жалпы сомасы | | | 756 920 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК